

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**7М01101 – ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША
ПРЕРЕКВИЗИТТЕР ЕМТИХАНЫНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Қостанай, 2019

НЕГІЗГІ БӨЛІМ (Пәндер мазмұны)

Жалпы психология

1 Модуль 1 Жалпы психологияға кіріспе

1.1. Психология ғылымы мен практикасының пәні, салалары және міндеттері

Психологияның пәні мен объектісі. Ғылыми және тұрмыстық психологияның негізгі айырмашылықтары және салыстырмалы талдау.

Психологиялық білімдердің ерекшеліктері. Психология адам мен жануарлардың іс-әрекетіндегі психикалық бейнелеудің құрылымы, шығуы және жұмыс жасауы жайлы ғылым ретінде. Тіршілік иелерінің объективті болмысты бейнелеу формаларының бірі ретіндегі психика туралы жалпы түсінік. Тірі және тірі емес әлемдегі бейнелеу формалары. Психикалық бейнелеу объективті әлемнің субъективті бейнесі ретінде. Психиканың бағдарлаушы және реттеуші функциялары. Сана және бейсаналық. Психология табиғи және гуманитарлық ғылыми пән ретінде. Психологияның пәнаралық байланыстары. Психологияның салалары және психологиялық практиканың міндеттері. Фундаменталды психологиялық ғылымдар: жалпы психология, әлеуметтік психология, дифференциалды психология, даму психологиясы, психология тарихы, зоопсихология (салыстырмалы психология) және басқалар. Қолданбалы психологиялық ғылымдар: педагогикалық психология, индустриалды психология, инженерлік психология және адам факторы, медициналық психология, коррекциялық психология, спорт психологиясы, дін психологиясы, зан психологиясы, саяси психология, денсаулық психологиясы, экологиялық психология және басқалар. Психологияның теориялық және қолданбалы міндеттерінің өзара байланысы. Психологиялық ғылымдар мен практиканың ынтымақтасу формалары. Психологиялық кеңес беру, психотерапия, психокоррекция. Тұлғаның оқыту мен тәрбиенің міндеттерін шешудегі орны. Психологиялық білімдердің өндіріс пен экономикадағы, мәдениеттің дамуындағы және адамдардың денсаулығын қорғаудағы мәні.

1.2 Психологияның ғылым ретінде қалыптасуы. Психологиялық мектептер

Психологияның пәні жайлы түсініктердің дамуының негізгі сатылары. Психология тарихының периодизациясы. Философия аясындағы психологияның дамуы. Психологияның биологиялық негізі (Ламарк, Спенсер). Психологияның өзбеттілі ғылым ретінде дамуы.

Классикалық психологиялық бағыттар мен мектептер: эмпирикалық бағыт, ассоцианизм, функционализм, структурализм, вюрцбург мектебі, гештальпсихология, бихевиоризм, психоанализ, генетикалық психология, психологияның кеңес мектебі. Қазіргі заманауи психологиялық ғылымдардың негізгі мектептері мен бағыттарының сипаттамасы.

1.3 Психологияның әдіснамасы мен зерттеу әдістері

Ғылымның әдіснамасы түсінігі, оның функциялары мен деңгейлері. Ғылыми зерттеудің негізгі түсініктері мен принциптері. Психология ғылымының категориялары мен негізгі принциптері, ұғымдары. Психологиядағы әдіснамалық парадигмалардың даму тарихы. Психологиядағы жүйелік ықпал (В.А. Ганзен). Қазіргі заманауи психологиядағы теория мен практикадағы жүйелік ықпалдың маңыздылығы. Психологияның әдістері. Б.Г. Ананьев бойынша психологияның әдістерінің жіктемесі. Психикалық құбылыстарды зерттеудің объективті әдістері. Бақылау, өзіндік бақылау. Табиғи және лабораториялық эксперимент. Психодиагностикалық тестер. Әңгімелесу, адамның іс-әрекет өнімдерін талдау. Сананы зерттеудің психосемантикалық әдістері. Тұлғаны зерттеудің психобиографиялық әдістері. Қосымша әдістер: анкета, интервью. Салыстырмалы-генетикалық әдістер. Психикалық процестерді модельдеу және қалыптастыру зерттеу әдісі ретінде. Салыстырмалы - патологиялық әдіс. Математикалық әдістер мен техникалық құралдарды психологиялық зерттеулерде қолдану. Психологиядағы өлшеу.

1.4 Тұлға психологиясы

Қазіргі заманауи психологиядағы тұлға ұғымының көпжақтылығы.

Тұлға - барлық психикалық құбылыстардың интеграторы ретінде. Индивид, тұлға, субъект, индивидуалдылық. Адамдағы биологиялық пен әлеуметтіліктің арақатынасы мәселесіне қатысты негізгі ықпалдар. Генотип және фенотип. Тұлғаның психологиялық құрылымы. Тұлғаның негізгі теориялары. Тұлғаның психологиялық қорғаныс механизмдері: жоққа шығару, ығыстыру, ауыстыру, проекция, идентификация, рационализация, ауыстыру және оқшаулану (бөлектену). Тұлға әлеуметтік феномен ретінде; тұлғаның құндылықты-мағыналық жүйесі. Тұлғаның өзіндік санасы. Тұлғаның дамуы. Тұлғаның қозғаушы күштері. Социализация және индивидуализация. Тұлғаның индивидуалды даму процесіндегі интериоризация және экстериоризация.

1.5 Іс-әрекетті психологиялық талдау

Іс-әрекет туралы жалпы түсінік. Іс-әрекеттің психологиялық құрылымы. Іс-әрекеттің заттылығы. Практикалық іс-әрекет адам іс-әрекетінің алғашқы және негізгі формасы ретінде. Сыртқы және ішкі іс-әрекет. Бағдарлаушы және орындаушы, индивидуалды және бірлескен, творчестволық және творчестволық емес іс-әрекет. Іс-әрекеттің субъектісі мен пәні. Қажеттіліктер және мотивтер. Іс-әрекеттің мақсаттары мен мотивтері. Іс-әрекет және психикалық процестер.

Іс-әрекет және белсенділік. Іс-әрекеттегі психиканың функциялары мен оның туындауы.

Әрекет адам іс-әрекетінің бірлігі ретінде. Саналы мақсаттарға жетуге бағытталған процесс ретінде іс-әрекеттің сипаттамасы. Тәсілдер (операциялар) сонымен көмегімен әрекет орындалады; олардың мақсатқа жету құралдары мен шарттарынан тәуелділігі. Іс-әрекетті құрайтындардың өзара бір-біріне өтулері.

Әрекеттің мақсатты бағытты сипаты. Бейнелердің негізінде іс-әрекетті реттеу. Әрекеттің бағдарлаушы негізі туралы түсінік. Ішкі, ақыл-ой әрекеті. Мақсатқа сәйкестік пен мағына құру процестері. Операциялардың салыстырмалы өзбеттілігі, оларды біреуінен екіншісіне алмастыру. Ақыл-ой операциялары. Психомотрика жайлы түсінік. Әрекеттің қимыл құрамы. Қимыл

міндеті және әрекетті орындау бағдарламасы: әрекетті үнемі коррекциялау; афферентті жүйелердің және күрделі қимыл актілерін реттеудегі кері сигнализацияның рөлі; қозғалысты құру деңгейлері (Н.А. Бернштейн). Кері афферентация мен әрекет «акцепторы» түсінігі (П.К. Анохин). Психомоториканың онтогенезде дамуы.

Модуль 2 Психика және сана

2.1 Мәліметтерді шығару және олардың интерпретациясы

Эксперимент жүргізуінің кезеңдері. Зерттеу кезеңдері. Тақырып тандау. Мәселені анықтау. Зерттеудің әдісі мен аппаратурасы. Статистикалық талдау әдістерін анықтау. Ғылыми жұмысты қалыптастыру. Бақылау схемалары.

2.2 Түйсік. Қабылдау

Түйсіктің түрлері. Айырма сезгіштіктің табылдығын зерттеу. Пассив сипай сезу және актив сипай сезуіндегі қабылдауды зерттеу. Эксперимент жүргізу. Мәліметтерді талпылау.

2.3 Зейін, ес қасиеттерінің зерттеу

Бурдон – Анфимовтың корректуралық пробасы. Мәліметтер анализы. Эксперимент жүргізу. Джекобс және Бушке бойынша қысқа уақыттық есті зерттеу. Сақтау әдісі бойынша еске қалдыру процессін зерттеу.

2.4 Ойлау, қиял, шығармашылық

Ойлау зерттейтін әдістер көмегімен эксперимент жүргізу. Пиктограммаартықты алып тастау. Классификация. Бейнені жою әдісі. Бейненің анықтығының – жарықтығының бағалауы.

Емтихан сұрақтары

1. Қазіргі психология және оның ғылым жүйесіндегі орны.
2. Психологиялық ғылымның принциптері.
3. Психологиялық ғылымның құрылымы.
4. Психика туралы түсінік. Психиканың функциялары.
5. Психика және сана.
6. Психологиядағы тұлға туралы түсінік.
7. Жеке тұлға, жеке тұлға, даралық.
8. Тұлғаның белсенділігі және оның өмірлік ұстанымы.
9. Тұлғаның бағыттылығы. Мотивтер түрлері.
10. Өзін-өзі бағалау. Талап деңгейі.
11. Тұлғаның құрылымы.
12. Тұлғаны зерттеу әдістері.
13. Танымдық психикалық процесс ретінде түйсіну сезу туралы жалпы түсінік.
14. Адамның өмірі мен қызметіндегі түйсіктің рөлі.
15. Түйсіктің негізгі заңдылықтары.
16. Түйсіктің түрлері.
17. Түйсіктің физиологиялық негіздері.
18. Танымдық психикалық процесс ретінде қабылдау туралы жалпы түсінік.
19. Қабылдаудың негізгі заңдылықтары.

20. Қабылдаудың түрлері.
21. Қабылдаудың физиологиялық негіздері.
22. Танымдық психикалық процесс ретінде естің жадының жалпы сипаттамасы.
23. Ес процестері.
24. Адам естің түрлері және жеке айырмашылықтары.
25. Есте сақтаудың физиологиялық негіздері.
26. Танымдық психикалық процесс ретінде ойлау туралы түсінік.
27. Ойлаудың қабылдаудан айырмашылығы неде?
28. Ойлаудың негізгі формалары.
29. Ойлау операциялары.
30. Ойлау түрлері.
31. Ойлаудың физиологиялық негіздері.
32. Ойлауды зерттеудің негізгі теориялық тәсілдері.
33. Ойлауды зерттеу әдістері.
34. Сөйлеу және оның функциялары.
35. Адамның психикалық дамуындағы қарым-қатынастың рөлі.
36. Сөйлеудің түрлері мен қасиеттері.
37. Ойлау мен сөйлеудің өзара байланысы.
38. Сөйлеудің физиологиялық негіздері.
39. Сөйлеу және тұлға.
40. Қиял танымдық психикалық процесс ретінде.
41. Адамның өмірі мен қызметіндегі қиялдың рөлі.
42. Қиял түрлері.
43. Қиялдың физиологиялық негіздері.
44. Зейіннің физиологиялық негіздері.
45. Зейін түрлері мен қасиеттері.
46. Зейін теориясы.
47. Психологиядағы ерік түсінігі.
48. Еріктік үрдістің құрылымы.
49. Еріктік процестің физиологиялық негіздері.
50. Ерік теориялары.
51. Психологиядағы эмоциялар ұғымы.
52. Адам өміріндегі эмоциялардың рөлі.
53. Сезімдер және оларды тәрбиелеу. Жоғары сезім.
54. Эмоциялар мен сезімдерді білдіру құралдары.
55. Эмоциялар және тұлға.
56. Эмоциялардың психологиялық теориялары.
57. Тұлғаның заманауи теориялары.
58. Темперамент. Темперамент туралы ілім (Гиппократ, Гален).
59. Темпераменттің физиологиялық негіздері.
60. Темперамент типтерінің сипаттамасы.
61. Мінез туралы түсінік.
62. Мінездің физиологиялық негіздері.
63. Мінез құрылымы.

64. Мінез және темперамент.
65. Мінездің акцентуациясы.
66. Қабілеттер туралы түсінік.
67. Қабілеттер мен ауытқулар.
68. Қабілеттіліктің физиологиялық негіздері.
69. Қабілет, дарындылық және талант. Олардың өзара байланысы мен айырмашылықтары.
70. Мотив және мотивация.
71. Мотивацияның психологиялық теориялары.
72. Ұжымдағы кіші топ.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. – Алматы, 2013.
2. Жарықбаев Қ. Жантануға кіріспе. – Алматы: «ИНФОРМ-АРНА», 2009-187.
3. Нуркова В.В., Березанская Н.Б. Общая психология: Учебник. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 524 б.
4. Иванников В.А. Общая психология: Учебник для академического бакалавриата. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 480 б.
5. Макарова И.В. Общая психология: Учебное пособие для СПО. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 182 б.
6. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. - СПб.: Питер, 2009. - 720 б.
7. Джакупов С.М. Общая психология: введение. Учебное пособие. Алматы: «Қазақ университеті», 2014. - 162 б.
8. Козубовский В.М. Общая психология: познавательные процессы: учебное пособие. - 3-е изд. - Минск: Амал-фея, 2008. - 368 б.
9. Бердібаева С.К. Тұлға психологиясы. Учебное пособие. -Алматы: «Қазақ университеті», 2016. -153 б.

Даму психологиясы

1 модуль Даму психологиясына кіріспе

1.1 Даму психологиясының пәні, міндеттері және әдістері

Даму психологиясының теориялық және практикалық міндеттері. Даму психологиясының пайда болу тарихы. Даму психологиясының басқа ғылымдармен байланысы. Даму психологиясының мәселелері. Психикалық дамудың әрбір кезеңіндегі адамдар арасындағы жеке дара айырмашылықтарын оқып үйрену. Даму психологиясының әдістері және олардың сипаттамасы (бақылау, эксперимент, диагностикалық әдіс, егіздер әдісі, логитюдтік әдіс б көлденең кесу). Даму психологиясының негізгі категориялары (жас, периодизация, даму және т.б.). Даму психологиясының бөлімдері.

1.2 Психикалық дамудың теориялары

Зигмунд Фрейдің классикалық психоанализі. Анна Фрейд еңбектеріндегі

классикалық психоанализдің дамуы.Эрик Эриксонның тұлға дамуының эпигенетикалық концепциясы. Жан Пиаженің баланың интеллектуалды дамуы туралы ілімі. Л.С.Выготскийдің жоғарғы психикалық функцияларды дамыту теориясы. Ассоцианизмдегі (Д.Гартли), бихевиоризмдегі (Дж.Уотсон, Э.Торндайк), небихевиоризмдегі (К.Халл, Э.Томен, Б.Скиннер) психикалық даму процесі жайлы түсініктер.

1.3. Психикалық дамудың заңдылықтары

Даму туралы түсінік.Психикалық дамудың жылжымалы күштері және қайнар көздері.Дамудың табиғи алғышарттары. Психикалық дамуда тәрбиелеу мен оқытулдың жетекші рөлі. Сензитивтік кезеңнің және жетекші іс-әрекеттің әлеуметтік жағдайының даму түсінігі.

1.4 Психологиядағы жас периодизация мәселесі.

Әр түрлі авторлардың периодизацияларды салыстырмалы талдауы. Жас периодизациясы туралы түсінік, әр түрлі бағыттар мен кезеңдер критерийлері (Д.Б.Эльконин, А.Н.Леонтьев, Л.И.Божович, Д.И.Фельдштейн). Л.С.Выготскийдің жұмыстарындағы периодизация мәселесі. Шетелдік периодизация теорияларына сынды талдау (А.Газелл, С.Холл,К.Бюлер, А.Валлон, Ж.Пиаже, Э.Эриксон). Психикалық дамудағы нақты жастық шектердің болмауы, паспорттық және психологиялық жастың сәйкес келмеуі. Периодизация мәселесінің қазіргі күйі, дамудың жаңа теориялары, жалпы психикалық дамудың интегралды периодизациясы.

1.5 Ерте балалық шақтағы баланың физикалық және психикалық дамуы.

Ерте балалық шақ сипаттамасы. Ерте балалық шақтағы психиканың даму шарттарының жалпы сипаттамасы. Баланың мектепке дейінгі жастағы дамуының психологиялық ерекшеліктері. Ерте жас қызметінің жетекшітүрі. «Үш жас дағдарысы» түсінігі. Затты-манипулятивті іс-әрекет ерте балалық шақтағы психикалық қалыптасудың жетекші факторы ретінде. Ерте балалық шақтағы негізгі заңдылықтар және заттармен әрекеттерінің қалыптасу кезеңдері. Ерте балалық шақтағы ойын іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктері.

1.6 Ерте жастағы психикалық процестердің қалыптасуларының негізгі заңдылықтары.

Ерте балалық шақтағы ойын іс-әрекетінің психологиялық сипаттамасы. Ерте балалық шақтағы сөйлеудің қалыптасуы мен қарым-қатынас.Көрнекі-әрекеттік ойлау. Бала сөйлеуінің автономды рөлі. Психологиядағы бала сөйлеуінің теориялары (Ж.Пиаже, А.Валлон, В.Штерн).

1.7 Мектепке дейінгі жастағы психикалық дамудың жалпы сипаттамасы

Мектепке дейінгі кезеңдегі психикалық процестердің қалыптасуының негізгі заңдылықтары. Мектепке дейінгі жастағы балалардың дамуының негізгі факторлары. Іс-әрекеттің жетекші түрі. Дамудың әлеуметтік жағдайы. Мектепке дейінгі балалардың танымдық процестерінің дамуы. Сезімдердің қалыптасуы. Баланың жаңа іс-әрекетке қосылуы (тазалық, оқу мен еңбектің элементтері). Баланың мектепке психологиялық дайындық мәселесі. Мектепке

дейінгі кезеңнің соңындағы балалардың анатомио-физиологиялық ерекшеліктері. Баланың психикалық дамуына сенсорлық процестердің мақсатты қалыптасуының маңызы (А.В.Запорожец, В.П.Зинченко, Л.А.Венгер). сөздікті меңгеру және сөздің рамматикалық ретінің қалыптасуы, сөздің негізгі қызметтерінің қалыптасуы. Алты жасар баланың жеті жасар баладан айырмашылығы. Мектепке дейінгі баланың мектепке оқуға дайындығын анықтайтын психологиялық және мінез-құлықтық ерекшеліктер.

1.8 Ойын іс-әрекеті психологиясы

Баланың дамуындағы ойынның рөлі. Ойындар теориялары (В.Штерн, А.Адлер, Д.Б.Эльконин). Ойынның басқа іс-әрекеттерден айырмашылықтары айырмашылықтары. Ойын-іс-әрекетіндегі баланың психикасындағы сапалық өзгерістер: әлеуметтену негізінде, ұжымдық өзара қарым-қатынастардың, танымдық процесстердің дамуы. Ойынның пайда болуының әлеуметтік-тарихи сипаты, оның генезисі мен қызметінің құрылымы. Шетелдік ойын теорияларының психологиялық талдамы (К.Гросс, Г.Спиннер, К.Бюлер, С.Холл, В.Штерн). Психоаналитикалық тұжырымдамалардағы ойын теориялары. Отандық психологиядағы ойын теориялары.

1.9. Бастауыш мектеп жасындағы баланың дамуы

Бастауыш мектеп жасының сипаттамасы. Бастауыш мектеп жасындағы психиканың қалыптасуы шарттарының жалпы сипаттамасы. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың физикалық және анатомиялық-физиологиялық дамуы. Оқу іс-әрекетіндегі бастауыш мектеп жасындағы психиканың қалыптасуына жетекші ретінде. Танымдық қызығушылықтардың байқалануы мен қабілеттердің ерте көрінуі. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың мінезінің дамуы. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың қажеттілік-мотивациялық және эмоция-ерік сферасының дамуы. Бастауыш мектеп оқушысының танымдық іс-әрекеті. Психикалық процестердің (зейін, ес, елес, ойлау, қиял және т.б.) ерекшеліктері. Бастауыш мектеп оқушысының оқу іс-әрекеті. Мектептегі алғашқы теориялық ойлардың қалыптасуы (Д.Б. Эльконин, В.В.Давыдов). Қызығушылықтар жүйесінің өзгеруі.

2 модуль Даму кезеңдері

2.1 Оқу-танымдық мотивтер.

Мектеп пен оқуға жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру. Оқу іс-әрекетінің жалпы құрылымы, қалыптастыру заңдылықтары. Сыныптастармен тұлғаралық қарым-қатынастардың қалыптасуы. Ақыл-ой әрекеті мен ұғымдарды сатылап қалыптастыру (П.Я.Гальперин). Бастауыш мектеп жасындағы балалардың психикалық процестерінің дамуының негізгі заңдылықтары. Бастауыш мектептегілердің сөзінің дамуы. Сөзді ұғыну мәселесі, оның элементтері, формалары, оқытудың әр-түрлі нұсқаларындағы функциялары (Д.Б.Эльконин, А.К.Маркова, С.Н.Карпова). Ойын қарым-қатынас құралы ретінде. «Мұғалім-оқушы-ата-аналар» жүйесіндегі өзара қарым-қатынастар. Оқу әрекетінен тыс үдерістегі қарым-қатынас. Бастауыш мектеп жасындағы тұлғаның дамуы. Бастауыш мектеп оқушысының рухани-

адамгершілік тұрғысынан дамуы.

2.2 Жасөспірімдік кезеңінің психологиялық ерекшеліктері.

Жасөспірім жасына өтудің анатомиялық-физиологиялық және психологиялық алғы шарттары. Жасөспірімдердің физикалық, ақыл-ой, әлеуметтік дамуындағы индивидуалды және жыныстық айырмашылықтар. Жыныстық жетілудің бастамасы және жыныстық тәрбиенің әлеуметік-психологиялық мәселелері. «Есею сезімі» түсінігі. Жасөспірімде таным мен қоғамдық қызығушылықтардың және жүріс-тұрыс мотивтерінің (түрткілерінің) қалыптасуы. Осы жас кезеңіндегі қабылдау, елестету, зейіннің даму ерекшеліктері. Естің қайта құрылуы, жасөспірім есінің бастауыш мектеп оқушысынан негізгі ерекшеліктері. Естің басқа психикалық процестермен байланысының өзгерістері. Ес пен ойлаудың өзара байланысы.

2.3 Жасөспірімнің оқу іс-әрекеті.

Кәсіби бағыттылық мәселесі. Оқуға жағымды қатынасты қалыптастыру. Жасөспірімдік шақтағы тұлғаның дамуы. Ерте жастық шақ жасына өтудің негізгі алғышарттары. Жасөспірімнің талпыну деңгейі. Ересектер мен балалар арасындағы өзара түсіну қиындықтары. Қарым-қатынастағы қажеттілік, өзіндік бекіту және мойындау жас өспірімдік жастағы жетекші фактор ретінде. Жасөспірімдік шақтағы құрдастармен қарым-қатынасы, әр түрлі топтар мен бірлестіктердің қалыптасуы. МЕН-концепцияның дамуы.

2.4 Ерте жастық шақ психологиясы

Ерте жастық шақтағы ойлау және оның қалыптасуының психологиялық шақтары (Ж.Пиаже). Өтпелі кезеңдегі жоғарғы психикалық функциялардың дамуы (Л.С.Выготский). Ғылыми көзқарастардың даму жолдары (Д.Б.Эльконин). Ерте жастық шақтағы тұлғаның қалыптауы мен дамуы. Дүниетанымның қалыптасуы. Ерте жастық шақтағы құндылық бағдарлар мен мотивтер. Моральді өзін-өзі анықтау. Кәсіби ниеттерді жүзеге асыруға дайындық. Алғашқы дербес қадамдар. Ерте жастық шақтағы өмірлік өзін-өзі анықтау. Ерте жастық максимализм. Пайымдардың тәуелсіздігі. Ерте жастық шақтағы маңызды әлеуметтік мәнге ие қасиеттердің дамуы.

2.5 Орта кемелденудің психологиялық ерекшеліктері (40-тан 60 жасқа дейін).

Кемелдену кезеңінің әлеуметтік мәні. Орта кемелдену кезеңіндегі психикалық танымдық процестердің ерекшеліктері. Құнды бағдарлану, дүниетаным мәндері. өмірдің орта жасындағы дағдарыс. Аффективті және мотивациялық сфера. Отбасылық өмір мотивациясы. Орта кемелдену кезеңіндегі МЕН-концепция мен өзін-өзі танудың ерекшеліктері. Мінез-құлықтық ерекшеліктер. Орта кемелдену кезеңіндегі тынығу.

2.6 Кейінгі (немесе кеш) кемелденудің психологиялық ерекшеліктері (60-тан 75 жасқа дейін).

Когнитивті ерекшеліктер. Түйсік пен қабылдаудың дамуы. Дыбыс сезімталдығының өзгеруі. Көрудің бұзылуы. Естің өзгерістері. Ойлаудың дамуы. Кемелгерлік. Интеллектуалды функциялардың төмендеу себептері. Аффективті және мотивациялық сфера. МЕН—концепцияның ерекшеліктері.

Мінез-құлықтық ерекшеліктер. Материалдық әл-ауқыттылық. Жақын адамдарды жоғалту және жалғыздық. Өмірлік кеңістіктің тарылуы.

Емтихан сұрақтары

1. Даму психологиясының пәні мен міндеттері.
2. Даму психологиясының әдіснамалық принциптері мен әдістері.
3. Психологияның өзіндік саласы ретінде Даму психологиясының қалыптасу тарихы.
4. Жасұғымның психологиялық түсінік.
5. Психикалық дамудың кезеңде мәселесі.
6. "Дамудың әлеуметтік жағдайы", "жетекші іс-әрекет", "дамудың сензитивті кезеңі" ұғымдары.
7. Шетелдік психологиядағы қозғаушы күштер, психикалық даму көздері мен жағдайлары туралы түсінік.
8. Шетелдік даму психологиясындағы биогенетикалық концепциялар
9. Конвергенция теориясы (екі фактор теориясы) В. Штерн.
10. Ж. Пиаженің психикалық даму теориясы.
11. Э. Эриксонның тұлға дамуының эпигенетикалық теориясы.
12. Психикалық дамудың социогенетикалық концепциялары.
13. Отандық психологияның қозғаушы күштері, көздері және психикалық даму жағдайлары туралы түсінік.
14. Л. С. Выготскийдің психикалық дамуының мәдени-тарихи тұжырымдамасы.
15. Адам дамуының пренаталдық және перинаталдық фазалары.
16. Туылу актісінің психологиялық сипаттамасы (С. Гроф).
17. Нәрестелік және сәбилік
18. Жаңа туған нәрестенің дағдарысы.
19. Бір жастағы дағдарыс.
20. Ерте жас.
21. 3 астағы дағдарыс
22. Мектепке дейінгі жас.
23. Кіші мектеп жасы.
24. 7 астағы дағдарыс
25. Жасөспірімдер жасы.
26. Жасөспірімдер жасындағы дағдарыс.
27. Балғын жас
28. Ересек жастың Психологиясы (ерте ересек).
29. Ересек жастағы Психологиясы (орта және кеш ересек).
30. Қарттық психологиясы.
31. Өмір жолы тарихының қартаю процесіне әсері.

32. Қарттыққа психоаналитикалық тәсілдер.
33. Хронологиялық, биологиялық, психологиялық және әлеуметтік жастардың ара қатынасы.
34. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ата-аналарға психологиялық кеңес беру.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Обухова Л.Ф. Возрастная психология: учебник для бакалавров/ Л.Ф. Обухова. – М.: Издательство Юрайт, 2016. – 460 с.- Серия: Бакалвр.Базовый курс.
2. Джакупов С.М.Общая психология: введение.Учебное пособие. Алматы: «Қазақ университеті», 2014-162 б.
3. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. – Алматы,2013.
4. Жарықбаев Қ. Жантануға кіріспе. – Алматы: «ИНФОРМ-АРНА», 2009-187.
5. Жұбаназарова Н.С.Жас ерекшелік психологиясы: Оқулық – Алматы: Қазақ университеті, 2014 – 285 б.
6. Тоқсанбаева Н.Қ. Қарым-қатынас бірлескен іс-әрекетті жүйелендіру факторы ретінде: монография/Алматы: Қазақ университеті, 2016-326 б.
7. Ахтаева Н.С.,Әбдіғапбарова А.І., Бекбаева З.Н., Әлеуметтік психология. Оқу құралы. Алматы, 2010.

Дифференциалды психология

Модуль 1 Дифференциалды психологияға кіріспе

1.1 «Дифференциалды психология» пәнінің жалпы сипаттамасы және курстың мақсаты

Дифференциалды психологияның пәні мен әдістері, оның негізгі міндеттері. Индивидуалды айырмашылықтың шығуы мен индивидуалдылықтың қалыптасуының негізгі факторлары. Жануарлар мен адамдардың жеке ерекшеліктері дифференциалды психология мен психофизиологияның пәні ретінде. Жеке айырмашылықтардың шығуының негізгі факторлары: тұқым қуалаушылық және қоршаған орта, туа біткен және жүре пайда болған. Адамның табиғи және әлеуметтік бірлігі: «ағза», «тұлға», «индивидуалдылық» түсінігі, олардың өзара қатынасы. Дифференциалды психология және психофизиология тұрғысынан индивидуалдылық пен тұлғаның құрылымы.

1.2 Дифференциалды психофизиология

И.П. Павлов концепциясындағы жүйке жүйелерінің типологиялық қасиеттері

Негізгі жүйке жүйелері - қозу мен тежелуі. Жүйке жүйелерінің типологиялық қасиеттері индивидуалдылықтың басты нейрофизиологиялық

сипаттамалары ретінде. И.П. Павловтың типологиялық тұжырымдамасы. Жүйке жүйелерінің қасиеттері жануарлар мен адамдарға ортақ. Типтер қасиеттер жиынтығы және жүріс-тұрыстың үлгісі ретінде. Гиппократ және И.П. Павлов типологиясы.

Адам жүйке жүйелерінің арнайы қасиеттері: «суретшілер», «ойшылдар» және «орта тип». Екі сигналдық жүйелердің өзара эрекетінің сипаттамалары. Адам жүйке жүйелерінің негізгі және арнайы қасиеттерінің арақатынасы.

1.3 Б.М. Тепловтың жүйке жүйесі қасиеттері түсінігінің дамуы

Б.М.Теплов — дифференциалды психофизиология отандық мектебінің негізін қалаушы. Жүйке жүйесін қасиеттері түсінігінің дамуы, оларды зерттеудегі эксперименттік және өмірлік көрсеткіштердің салыстырмалы рөлі, жүйке жүйесінің қасиеттерін анықтаудағы «ерікті» және «еріксіз» әдістері мен көрсеткіштердің құндылығы. Адамға катысты Павловтың типологиялық тұжырымдамасының дамуы. Жүйке жүйесін пайда болудың өмірлік құнылықтар тұрғысынан оқиғалардың (жүйке жүйесінің элсіздігі мен қарқындылығы түсінігі) қарама-қарсылықтардың диалектикалық бірлігі ретінде жүйке жүйесінің әрбір қасиеттерін түсіну. Жүйке жүйесінің жалпы және жеке қасиеттері түсінігіне кіріспе. Типологиялық теорияны әзірлеу үшін Б.М.Тепловтың сенсорлық психофизиология бойынша зерттеуінің мәні.

1.4 В.Д. Небылицынның жүйке жүйелерінің жаңа қасиеттерінің ашылуы.

Жүйке жүйесінің негізгі қасиеттері теориясына В.Д. Небылицынның үлесі. Зерттеуге жаңа әдістер мен бағыттарды енгізу. Жүйке жүйесінің жалпы және жеке қасиеттері. Белсенділік пен эмоционалдылықтың табиғи алғышарттарын зерттеу. Жүйке жүйесінің (динамикалылық, лабилділік) жаңа қасиеттерінің ашылуы.

1.5 Бас ми қыртыстарының парциалды және функционалды бөлінулерінің мәселесі

Б.М.Теплов, В.Д. Небылицын және В.М. Русалов еңбектеріндегі жүйке жүйесінің жалпы және арнайы қасиеттер ұғымдарын дамыту. Парциалдылық ұғымы. В.Д. Небылицын бойынша бас ми қыртыстарының функционалды бөлінулері. Жүйке жүйесінің жалпы және жеке қасиеттері арасындағы функционалдық және психологиялық айырмашылықтар. Жүйке жүйесінің іс-эрекетін ұйымдастырудағы деңгейлері мәселесі. Функционалды жүйедегі миды қамтамасыз етуді ұйымдастырудың үш деңгейлері және В.М. Русалов бойынша жүйке жүйесінің үш деңгейлі қасиеттері.

Модуль 2 Темперамент, мінез және қабілеттік

2.1 Темперамент теориялары: тарихы және қазіргі заманғы

Темперамент. Темперамент туралы ілімдердің дамуы. Темперамент теориялары (гуморалды, формалды, энергетикалық, конституционалды, генетикалық). И.П. Павлов және оның оқушыларының темперамент типі туралы тұжырымдары. В.С. Мерлин және Б.М. Теплов мектептеріндегі темпераментті зерттеудің бағыттары. Темпераменттің құрылымы. Темперамент

компоненттерінің сипаттамалары - жалпы белсенділік, моторикасы және эмоционалдылық. Жүйке жүйелерінің қасиеттері және темперамент. В.М. Русалов бойынша темпераменттің қасиеттері мен құрылымы.

2.2 Мінез, мінездің тарихы және мінездің құрылымы. Мінездің типологиясы

Мінез. Мінезді зерттеудің тарихы. Темперамент пен мінездің арақатынасы. Мінездің құрылымы. Тұлғаның бағыттылығы, иландыру жүйесі, моральды-еріктік қасиет. Мінездің қалыптасуы. Мінез және тұлға. Мінездің типологиясы (П.Б. Ганнушкин). Ганнушкин-Кербииковтің психопатия критерийі. А.Е. Личко, К. Леонгард бойынша мінез акцентуациясы, Э. Фромм бойынша әлеуметтік мінез типологиясы.

2.3 Қабілет. Қабілет теориялары. Тұлға құрылымындағы қабілеттің орны. Жалпы және арнайы қабілет. Қабілет. Анықтамасы. Б.М.Тепловтың қабілет теориясы. Белсенділік және өзін-өзі реттеу қабілеттің интегралды параметрі ретінде (Н.С. Лейтес). Жалпы және арнайы қабілеттердің жіктелуі (музыкалық, тілдік, математикалық, педагогикалық, әдеби және т.б.). Олардың бейімділігі - жүйке жүйесінің жалпы және арнайы адам типологиялық қасиеттері комбинациясы.

2.4 Қабілеттіліктің, икемділіктің және қызығушылықтың (мотивация шарттыланған) іс-әрекетпен арақатынасы.

Когнитивті стилдер қабілеттің ерекше түрі ретінде. (М.А. Холодной тұжырымдамасы). Когнитивті стилдер және ақыл-ой іс-әрекетінің жетістіктері. Талант. Данышпандылық. Дарындылықтың патологиялық теориясын сынау. Қабілеттілік пен дарындылық теориясына отандық психология мен психофизиологияның үлесі.

Модуль 3 Адам конституциясы түсінігі

3.1 Адамның жалпы және жеке конституциясы.

Дене бітімі типтерінің жіктелуі. Адамның конституциясы туралы қазіргі түсініктер. Адамның биологиялық ұйымдасуының деңгейлері мен иерархиясы. Адамның жалпы және жеке конституциясы. Тұқым қуалаушылық және конституция. Дене конституциясы. Дене бітімі типтерінің жіктелуі. Дене бітімінің екі және үш мүшелік жіктелуі.

3.2 Э. Кречмер зерттеулері. Кречмер бойынша дене құрылымының типтері.

Бет және бас сүйегі құрылымының ерекшеліктері. Адам денесінің құрылымының оның темпераменті және мінезмен ара қатынасы. У. Шелдон зерттеулері. Антропоскопиялық әдістер. Шелдон бойынша дене бітімінің алғашқы компоненттері. Адамның соматотипі түсінігі. Мінезді зерттеу. Адамның конституциясы туралы қазіргі түсініктер. Дене бітімінің ерекшеліктері мен индивидуалды-психологиялық белгілер арасындағы өзарабайланыс.

3.3 Жыныстық деморфизм және психикалық дамудың ерекшеліктері Маскулиндік-феминдік туралы дәстүрлі және қазіргі түсініктер

Д.Мани бойынша жыныстық дифференциялаудың сатылары. Генетикалық, гормоналды, морфологиялық және азаматтық жыныс түсінігі. Миды жыныстық саралау - «жыныстық орталық» туралы түсінік. Жыныстық саралау принциптері. Маскулинділіктің дамуын толықтырушы принциптер. Жыныстық деморфизм және онтогенездегі психикалық дамудың ерекшеліктері. А. Эрхард бойынша жыныстық айырмашылық. Онтогенездегі жыныстық дамудың ортаның факторларына тәуелділігі. Жануарлардың жынысының өзгеруі бойынша эксперименттер.

3.4 Жыныстық элеуметтену.

Сэйкестендіру, жыныстық типизациялау және өзіндік категориялау теориясы. Кұрдастарымен қарым-қатынастың рөлі. Психосексуалды бағдардың бұзылуы - интерсексуалды күй.

Жыныстар арасындағы психологиялық айырмашылық және олардың физиологиялық негіздері. В.А. Геодакян теориясы. Еңбектің жыныстық бөлінуі әйел және ерлердің жүріс-тұрыс стереотиптерінің элеуметтік-тарихи факторы ретінде. Маскулиндік-феминдік туралы дәстүрлі және қазіргі заманғы түсініктер.

Емтихан сұрақтары

1. Дифференциалдық психология туралы жалпы түсінік. Мақсаттары, міндеттері.
2. Білім жүйесіндегі дифференциалдық психологияның орны.
3. Дифференциалдық психологияның бөлімдері.
4. Дифференциалдық психологияның сыртқы және ішкі мәртебесі.
5. Дифференциалдық психологияның даму кезеңдері.
6. Дифференциалдық психологияның даму тарихы.
7. Дифференциалдық-психологиялық зерттеулердің бағыттары.
8. Штерн бойынша дифференциалдық психологияның бағыттары.
9. Дифференциалдық психологиядағы психологиялық норманың түсінігі.
10. Дифференциалдық психология координаттарының концептуалды жүйесі.
11. Психологиялық білімнің әмбебап дихотомиясы. Дифференциалдық-психологиялық аспект.
12. Дифференциалдық психология әдістерінің топтары.
13. Дифференциалдық психологиядағы жалпы ғылыми әдістер.
14. Дифференциалдық психологиядағы тарихи әдістер.
15. Дифференциалдық психологиядағы психологиялық-генетикалық әдістер.
16. Дифференциалдық психологияның өзіндік психологиялық әдістері.
17. Дифференциалдық психологиядағы айырмашылық теориялары.
18. Жеке тұлға туралы ақпарат алу жолдары.
19. Жеке айырмашылықтардың көздері.
20. К. Юнг бойынша психологиялық типтер.
21. Даралықты формальды талдау принциптері.
22. ЖЖІ түрлері.
23. ЖЖІ түрлері- Жалпы биологиялық, психологиялық, жеке.
24. Дифференциалдық психологияның әдістері.

25. Даралық құрылымындағы мінездің орны.
26. Хейманса-Ле Сеннанің мінезінің типологиясы.
27. А. Ф. Лазурскийдің жұмыстарындағы мінездің психологиясы.
28. Даралық құрылымындағы қабілеттердің орны.
29. Көп интеллект теориясы. Интеллект вариативтіліктің көздері.
30. Небылицын В. Ю., Теплов В. Н., Русалов В.Н., Мерлин В.С. мектептеріндегі темпераменті зерттеу тәсілдері.
31. Мектепте темпераментті зерттеу Небылицын В. Ю.
32. В. Н. Русалов мектептегі темпераментті зерттеу.
33. Психологиялық айырмашылықтардың психологиялық-диагностикалық өлшемдері.
34. Р. Б. Кеттелдің Тұлғаның ерекшелігі теориясы.
35. Жыныстық айырмашылық психологиясы.
36. Даралық құрылымындағы жыныс.
37. Жыныстық бірегейліктің даму теориясы.
38. А. Геодакянның эволюциялық теориясы. Жыныстың этологиясы.Л. Эллистің нейроандроногенетикалық теориясы.
39. Психологиялық қасиеттердегі жыныстық айырмашылықтар.
40. Ерлерде, әйелдерде, балаларда стресс көрінісінің ерекшеліктері.
41. Дифференциалдық психологиядағы психодиагностика.
42. Даралықты қалыптастыру және дамыту механизмдері.
43. Кәсіби құзыреттілік және өмірлік табыстылық.
44. Даралықтың стильдік ерекшеліктері.
45. Қоғамдық-саяси өмірдегі типология.
46. Тұлғааралық қатынастардың типологиялық ерекшеліктері.
47. Кәсіби дайындықтың типологиялық ерекшеліктері.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Базылевич Т.Ф. Дифференциальная психофизиология и психология: ключевые идеи. - М., 2013.
2. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. - СПб, 2010.
3. Ильин Е.П. Психология индивидуальных различий. - СПб, 2010.
4. Ильин Е.П. Пол и гендер. - СПб, 2010.
5. Дружинин В.Н. Психология общих способностей. - СПб, 2008.
6. Теплов Б.М. Психология и психофизиология индивидуальных различий. - Москва-Воронеж, 2008.
7. Хрестоматия по дифференциальной психологии (под ред. Байшукуровой А.К., Фидирко М.В.) - Алматы, 2007.